



**«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы**  
**2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмыстарына**  
**талдау есебі**

**«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы**  
**2023-2024 оқу жылындағы жүргізілген жұмыстарына**  
**талдау есебі**

**Ұйымның мақсаты:**

Өскелен жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

**Ұйымның міндеттері:**

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелен жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру.

- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру.  
- танымдық жұмыстарды ынталандыру.  
- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау.

- жауапкершілік пен еңбек сүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

2023-2024 оқу жылы бойынша бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жоспары құрылыш, 7 бағыт бойынша жұмыстар жүргізілді. Мектебімізде «Мектеп Ұланбасы» сайлауы өткізіліп, 9-10 кластар арасында үміткерлер қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша ең көп дауыс жинағаны үшін 9 «Ә» клас оқушысы Қалдыбаева Айназ тағайындалды. «Жас Ұлан» мектеп кеңесінің құрамы

**Мектеп Ұланбасы-Қалдыбаева Айназ**

Орынбасары: Мұса Даны

1. «Зерде» бағыты- Мұса Даны
2. «Отан» бағыты- Жарылғасова Нарқызы
3. «Руханият» бағыты- Жақсылықова Айсұлұ
4. «Салауат» бағыты- Елекова Гаянә
5. «Экоәлем» бағыты- Құрманғалиева Ақзере
6. «Жеті жарғы» бағыты- Менешова Шамшырақ
7. «Еңбек» бағыты- Орынтай Альбина

Ұйым белсендісі- Нурғалиев Айдар


Ұйым белсендісі- Мұскабаев Алим

**Мектепшілік, мектеп кеңесімен жұмыс**

Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Қалалық Оқушылар Сарайымен және өзге де мектептен тыс мекемелермен бірігіп жұмыс жасап келеді. Мектепшілік 1-4 кластар арасында Қарттар күніне орай ардагер ұстаздарға көп жылдар бойы ақырын жүріп анық басқан, салмақты ақылдары мен шәкірттерді тәрбиелеп, білім нәрімен сусыннатқан ұстаз ардагерлерімізben «Қарттарым-асыл қазынам» атты мерекелік шара өтті. Шараға ұзак жылдар бойы үздіксіз қызмет еткен ардагер ұстаздарымыз қатысты.




Отбасы – бақыт мекені» атты апталықтың жұмыс жоспарына сәйкес, мектебіміздің 1-2 класс ата-аналарының қатысуымен «Ата-анам және мен» эстафеталық сайысы үйимсдастырылды. Максаты: салауатты өмір салтын насихаттау, отбасындағы ауызбіршілікті, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту



«ҰСТАЗ-МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ» 05 қазан күні мектебіміздің 11 сынып оқушылары «Ұстаз-мектептің жүрегі» атты мерекелік кеш үйимдастырылды. Мереке барысында ұстаздарымыз алғыс хаттармен марапатталды.




Күн ханзадасы мен күз ханшайымы тақырыбында



Желтоқсан айындағы айтулы мерекелердің бірі 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай мерекелік іс-шараға мектебіміздің мұгалімдері және үйым белсенділерінің қатысуымен өткізілді.






Наурыз мерекесіне орай мектебімізде «Қош келдің, Әз наурыз» тақырыбында концерттік бағдарлама болды. Қасиетті рамазан айына орай мектеп белсенділері және жас ұстаздары қайырымдылық акциясын үйимдастырып “Мейірім” балалар үйіне және мектебіміздің азқамтылған отбасыларына көмек көрсетті. Рамазан айында көше сыйырушы ағайлар мен апайларға арнайыма рамазан айына арналған су мен тәттілер таратылды.




«Дос болLike» апталығы аясында «Мейірім» еріктілер тобы ардагер қарияларға көмектесті.



«Ұлы Абай» тақырыбында мәнерлеп оқу чөлленді. Мақсаты: ақын өмірі, шығармашылық, туралы насиҳаттау.



«Қалалық оқушылар сарайы» МҚКҚ үйімдастыруымен балалар мен жасөспірімдер арасында «Отбасылық альбом» шығармашылық жобасы» онлайн байқауында Бертайыз Н, Елеуken Ж Ш дәрежелі Дипломмен марапатталды.



Халықаралық «Talanttar Alemi» байқауына мектебіміздің «Сыргалым» би тобының мүшелері I, II, Гран При жүлдесімен марапатталды.



## **Ұйым мүшелерінің саны**

Мектеп бойынша жалпы оқушылар саны-523. «Жас ұлан» саны- 287. «Жас қыран» саны-239. Облыстық білім басқармасы «Жас Ұлан» үйіміна қабылдауға қатысты 19.092023 жылғы №2/4175 жолдаған хаты бойына жұмысы тоқтатылды.

**Ескертулер:** қалалық, облыстық байқауларға окушыларды қатыстыру.

**Ұсыныстар:** көбірек іс-шаралар үйымдастырылса, оның ішінде спорттық байқаулар.

Қорытынды: 2023-2024 оку жылында атқарылған жұмыстар КОС сарайының және балалар үйімінің жұмыс жоспарына сай жүргізілді. Белгіленіп, атқарылмай қалған жұмыстар жоқ. Тәрбие жұмысында жеткен жетістіктер мен кемшіліктерді негізге ала отырып, 2023-2024 оку жылына балалар үйімі төмендегі міндеттерді белгілейді:

- 1.Мектептен тыс мекемелермен(КОС, Достық үйі,ОБЖСМ,Шығармашылық үйі,Театрлар,Жас натуралистер стансасы,СӨС орталығы,) жүйелі қарым-қатынаста болу;
  - 2.Адамгершілікті ізгілікті қарым-қатынасты қалыптастыру және шығармашыл, дарынды оқушыларды мектептен тыс іс шараларға қатыстыруға жұмыстану.
  - 3.«Жас Ұлан» балалар үйіміның жұмысын жүйелі жүргізу.

## Аға тәлімгер:

*Steve*

Ахметова.А